

Микроқаржы ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 7 сәуірдегі № 59 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 8 сәуірде № 38361 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 18 -бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Микроқаржы ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Банктік емес ұйымдарды реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қағидаларға сәйкес есептелетін шығарылған бағалы қағаздар мен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелердің жиынтық міндеттемелерге қатынасының коэффициенті 10 (он) пайыздан аз мөлшерді құрайтын не шығарылған бағалы қағаздар мен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелері жоқ микроқаржы ұйымдары Қағидалардың талаптарын 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтайды.

Микроқаржы ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Микроқаржы ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 18 -бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және микроқаржы ұйымдарында (бұдан әрі – МҚҰ) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

2. Қағидалардың мақсаты:

1) корпоративтік басқарудың тиісті практикасын және іскерлік этика мен тәуекел мәдениетінің тиісті деңгейін;

2) МҚҰ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы, төлемдер мен төлем жүйелері туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы заң), акционерлік қоғамдар туралы, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы заңнамаларының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының заңнамасы), МҚҰ-ның ішкі саясаттарының, рәсімдерінің және өзге де ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын;

3) МҚҰ-ның меншікті капиталының ол қабылдайтын тәуекелдер деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және МҚҰ-ның меншікті капиталының оның қабылдайтын тәуекелдер деңгейін сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мониторингтеу арқылы МҚҰ тәуекелдерін тиімді басқаруды;

4) МҚҰ мен оның қызметкерлерінің қызметіндегі кемшіліктерді уақтылы анықтауды және жоюды;

5) МҚҰ-да күтпеген немесе төтенше жағдайларды шешу үшін орынды тетіктер құруды қамтамасыз ете отырып, МҚҰ-да тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыруға қойылатын талаптарды айқындау болып табылады.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі - конфиденциалдылықты бұзу, МҚҰ-ның ақпараттық активтерінің тұтастығын немесе қолжетімділігін қасақана бұзу салдарынан зиянның пайда болу ықтималдығы;

2) ақпараттық технологиялар тәуекелі – МҚҰ пайдаланатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың істен шығуы (жұмыс істеуінің бұзылуы) салдарынан зиянның туындау ықтималдығы;

3) баға тәуекелі - қаржы құралдарының, тауарлардың, кепіл объектілерінің нарықтық құнының тиімсіз өзгерістері салдарынан қаржы шығындарының туындау ықтималдығы;

4) баланстық құн - міндеттемелер бойынша сыйақы, дисконттар, сыйлықақы түріндегі есептелген шығыстарды ескере отырып, ол бойынша міндеттеме МҚҰ-ның бухгалтерлік балансында танылатын сома;

5) беделді жоғалту тәуекелі - клиенттік базаны тарылту, қоғамда қаржылық сенімділік, көрсетілетін қызметтердің сапасы, МҚҰ қызметінің сипаты, олардың құрылтайшылары мен тұтастай алғанда басшылары туралы теріс түсінік қалыптастыру салдарынан дамудың өзге де көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде шығындардың туындау, жоспарланған кірістерді алмау ықтималдығы;

6) валюталық тәуекел - МҚҰ өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының тиімсіз өзгерістері салдарынан қаржы шығындарының туындау ықтималдығы;

7) заңдық тәуекел - МҚҰ не контрагенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда – оның шығу елінің заңнамасының, сондай-ақ жасасқан шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

8) комплаенс-тәуекел - МҚҰ мен оның қызметкерлерінің МҚҰ-ның қызметтер көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының, МҚҰ ішкі құжаттарының, сондай-ақ МҚҰ қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

9) корпоративтік басқару - МҚҰ атқарушы органы, директорлар кеңесі, комитеттері, акционерлері (құрылтайшылары), басшы қызметкерлері мен аудиторлар (ревизорлар) арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі;

10) кредиттік тәуекел – қарыз алушының немесе контрагенттің келісілген талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамау салдарынан туындайтын шығын ықтималдығы;

11) кредит төлеу қабілеттілігі - қарыз алушының болашақта микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді толығымен және мерзімінде орындай алу

мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік беретін, қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштермен ұсынылған кешенді құқықтық және қаржылық сипаттамасы;

12) күтпеген оқиғалар орын алған жағдайда іс-қимыл жоспары – МҚҰ-ның өз міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру қабілетінің төмендеуіне ден қоюға арналған рәсімдердің жиынтығы мен іс-қимыл жоспары;

13) қалдық тәуекел - тәуекелді бақылау мен азайтудың барлық ақылға қонымды шаралары қолданылғаннан кейін сақталатын тәуекел;

14) маңызды тәуекел - іске асырылуы МҚҰ-ның қаржылық орнықтылығының нашарлауына алып келетін тәуекел;

15) мүдделер қақтығысы – МҚҰ басшылары немесе лауазымды тұлғаларының, оның акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүдделілігі мен олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе МҚҰ-ның және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүліктік және өзге де мүдделері арасында қарама-қайшылық туындайтын жағдай, бұл МҚҰ және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарға әкеп соқтыруы мүмкін;

16) нарықтық тәуекел - нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың, кепіл объектілерінің нарықтық құнының тиімсіз өзгерістері себеп болатын қаржы шығынының туындау ықтималдығы;

17) операциялық тәуекел - стратегиялық тәуекел мен беделді жоғалту тәуекелін қоспағанда, сондай-ақ заңдық тәуекелді қоса алғанда және:

жауапкершілікті бөлуді, есеп беру және басқару құрылымын қоса алғанда, МҚҰ-ның айқындалмаған, негізсіз ұйымдық құрылымымен;

ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегиялардың, саясаттардың және (немесе) стандарттармен, бағдарламалық қамтылымды пайдаланудың кемшіліктерімен;

негізсіз ақпаратпен не оны орынсыз пайдаланумен;

МҚҰ қызметкерлерін тиімсіз басқарумен және (немесе) оның біліксіз қызметкерлерімен;

бизнес-процестердің негізсіз құрылуымен немесе ішкі құжаттар мен қағидалардың сақталуын әлсіз бақылаумен;

МҚҰ операцияларына сыртқы әсердің күтпеген немесе бақыланбайтын факторларымен;

МҚҰ қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарда кемшіліктердің немесе қателіктердің болуымен;

МҚҰ басшылығы мен қызметкерлерінің МҚҰ қызметіне теріс әсер етуі іс-әрекеттерімен, алаяқтықпен байланысты тәуекелдерді қамтитын, қолайсыз және жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары мен жүйелер немесе сыртқы оқиғалар ықпалының нәтижесінде шығындардың пайда болу ықтималдылығы;

18) өтімділікті жоғалту тәуекелі - МҚҰ-ның өз міндеттемелерін елеулі шығындарсыз белгіленген мерзімде орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде қаржылық залалдардың туындау ықтималдығы;

19) пайыздық тәуекел - МҚҰ-ның активтері, пассивтері бойынша пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруінің салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі;

20) саясат - МҚҰ-ның тиімді қызмет етуін және оның қызметінің стратегиясына және тәуекел бейініне сәйкестігін қамтамасыз ететін негізгі сандық және сапалық өлшемдерін, қағидаттарын, стандарттарын айқындайтын ішкі құжат. Саясат шеңберінде МҚҰ-ның директорлар кеңесі (жауапкеркершілігі шектеулі серіктестіктер үшін – байқау кеңесі (бар болса) немесе қатысушылардың жалпы жиналысы) (бұдан әрі – директорлар кеңесі) жекелеген рәсімдерді, процестерді, нұсқаулықтарды сипаттайтын тиісті ішкі құжаттардың болуын қамтамасыз етеді;

21) стратегиялық тәуекел - МҚҰ-ның стратегиялық дамуын (стратегиялық басқару) айқындайтын және МҚҰ-ның қызметіне қауіп төндіруі мүмкін қауіптерді есепке алуға немесе жеткілікті түрде есепке алмауға, МҚҰ-ның бәсекелестер алдында басымдыққа жетуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс немесе жеткілікті түрде негіз келтіріп айқындамау, МҚҰ қызметінің мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін қажетті ресурстар (қаржы, материалдық-техникалық, адам ресурстары) мен ұйымдастыру шараларының болмауы немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуі түрінде көрініс беретін шешімдер қабылдау кезінде жол берілген қателер (кемшіліктер) нәтижесінде зиянның туындау, жоспарланған кірістерге қол жеткізбеу тәуекелі;

22) тәуекел – күтілетін немесе көзделмеген оқиғалардың МҚҰ-ның қаржылық орнықтылығына, оның капиталына немесе кірістеріне теріс әсер етуі мүмкін ықтималдық;

23) тәуекел-бейін - тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде әлсіз тұстарды анықтау және келесі іс-қимылдардың басымдығын айқындау үшін МҚҰ-ның МҚҰ қызметінің барлық түріне тән тәуекелдерге ұшырау деңгейі сипаттайтын тәуекел түрлерінің және өзге де мәліметтердің жиынтығы;

24) тәуекелдерді басқару жүйесі (бұдан әрі – ТБЖ) - МҚҰ тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және мониторингтеу, сондай-ақ оның қаржылық орнықтылығы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды барынша азайту мақсатында Қағидаларда белгіленген, МҚҰ әзірлеген және регламенттелген ішкі рәсімдердің, процестердің, саясаттардың, МҚҰ құрылымдық бөлімшелерінің (лауазымды тұлғалардың) өзара іс-қимыл тетігін қамтамасыз ететін құрауыштар жиынтығы;

25) тәуекелдерді өздігінен бағалау - МҚҰ өз процестеріне тән тәуекелдерді анықтайтын және бағалайтын, анықталған тәуекелдерді бақылаудың тиімділігін бағалайтын және қалдық тәуекел деңгейін айқындайтын құрал;

26) тәуекел картасы - әлсіз тұстарды анықтау және тәуекелдерді басқару жөніндегі кейінгі іс-қимылдардың басымдығы бойынша саралау үшін МҚҰ-ның әртүрлі бизнес-процестеріне және (немесе) құрылымдық бөлімшелеріне тән тәуекелдердің түрлері мен деңгейінің сипаты;

27) тәуекел-мәдениет - тәуекелдердің МҚҰ-ның қаржылық жай-күйіне әсер етуін азайту мақсатында МҚҰ-ның тәуекелдерді түсінуіне, қабылдауына, басқаруына және бақылауына бағытталған процестері, рәсімдері, ішкі қағидалары, сондай-ақ ұйымдық құрылымның барлық қатысушыларының кәсіби қызметінің этикалық нормалары және стандарттары. Тәуекел-мәдениет МҚҰ қызметінің қолданыстағы бекітілген рәсімдерін, процестерін және тетіктерін толықтырады және тәуекелдерді басқару жүйесінің ажырамас құрауышы болып табылады;

28) тәуекелдің негізгі индикаторлары – МҚҰ-ның тәуекелге ұшырау дәрежесін сипаттайтын және оның негізінде МҚҰ тәуекелдің маңызды деңгейіне жақындау дәрежесі анықталатын, тәуекелді барынша азайту жөніндегі шаралар, сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылданатын сандық көрсеткіштер;

29) тәуекелдер тізілімі - тәуекелдердің өлшемшарттары мен туындау себептері, олардың туындау ықтималдығы, әсері (залалы), тәуекелдерді өндеу басымдығы мен әдістері бар құрылымдалған тәуекелдер тізілімі;

30) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

31) ұйымдық құрылым – МҚҰ-ның бағыныстылық, есеп беру құрылымын және олардың өзара іс-қимыл тәртібін көрсететін басшы қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелерінің сандық құрамын және жүйесін белгілейтін ішкі құжат және (немесе) ішкі құжаттардың жиынтығы.

2-тарау. МҚҰ ТБЖ ұйымдастыруға арналған тәсілдер

4. МҚҰ төмендегілердің негізінде қаржылық қызметтер көрсету бойынша өзі жүзеге асыратын қызметке байланысты ТБЖ ұйымдастырады:

1) ТБЖ-ның МҚҰ қызметінің түріне, жүзеге асырылатын операциялардың сипаты мен көлеміне сәйкестігі;

2) тәуекелдерді басқару процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

3) ТБЖ шеңберінде жүзеге асырылатын рәсімдерді құжаттау;

4) ТБЖ-ға қатысты ақпаратты МҚҰ басқару органдарына және (немесе) басшылығына уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін (қаражаттың ең аз көлемін пайдалана отырып, берілген нәтижелерге қол жеткізуді) және оңтайлылығын қамтамасыз ету;

6) тәуекелдерді басқаруға жауапты адамның немесе бөлімшенің тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

5. ТБЖ ұйымдастыруға және МҚҰ қызметінің ТБЖ саласындағы ішкі құжаттарға сәйкестігіне МҚҰ директорлар кеңесі жауапты болып табылады.

6. МҚҰ қызметіне бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, МҚҰ-да тиімді ТБЖ және ішкі бақылауды құру және жұмыс істеу мақсатында МҚҰ директорлар кеңесі мынадай функцияларды орындайды, бірақ олармен шектелмейді:

1) МҚҰ-ның мынадай ішкі құжаттарын олармен шектелмей бекітеді:

МҚҰ қызметінің стратегиясына, бюджетіне, мөлшеріне, сипатына және ауқымына сәйкес келетін, ТБЖ және ішкі бақылаудың тиімділігіне ықпал ететін, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмайтын МҚҰ ұйымдық құрылымы;

кемінде 3 (үш) жылға әзірленген және МҚҰ қызметін дамытудың миссиялары мен мақсаттарын, салымдардың негізгі түрлерін, олардың құрылымын және жоспарланатын өзгерістерді, оның ішінде оларды енгізуге байланысты тәуекелдер мен процестерді бағалауды, сондай-ақ осындай өнімдерді енгізу және дамыту бойынша МҚҰ-ның ағымдағы мүмкіндіктерін бағалауды ескере отырып, жаңа өнімдер мен қызметтерді енгізу және дамыту жөніндегі МҚҰ-ның даму стратегиясын қамтиды, бірақ олармен шектелмейді;

тәуекел дәрежесінің стратегиясы;

МҚҰ стратегиясына сәйкес келетін және жарты жылдық негізде және (немесе) сыртқы және ішкі орта өзгерген кезде қайта қаралуы мүмкін валюталар (ұлттық және шетел валюталары жиынтығында) бөлінісінде қаржы көрсеткіштерінің (активтер мен пассивтердің, кірістер мен шығыстардың, микрокредиттер портфелі мен тартылған қаражат туралы ақпараттың) болжамын қамтитын бюджет;

бюджеттік жоспарлау саясаты, оның ішінде болжамды көрсеткіштердің нақты мәндерге сәйкестігі тұрғысынан бюджетке талдау жүргізудің рәсімдері мен процестерін көздейтін, кейіннен түзету жөніндегі түзету шараларын әзірлеу және оларды одан әрі құжаттай отырып, негізделген түзетулер енгізу арқылы ауытқулардың себептерін анықтау;

есеп саясаты;

кредит саясаты;

проблемалық активтермен жұмыс істеу саясаты;

тәуекелдерді басқару саясаты;

тәуекелдердің елеулі түрлерін басқару саясаты (кредиттік тәуекелді, операциялық тәуекелді және комплаенс-тәуекелді қоса алғанда);

күтпеген жағдайларға арналған іс-қимыл жоспары;

кепіл саясаты;

ішкі аудит саясаты (ревизия жөніндегі саясат), ішкі аудитордың немесе ревизиялық комиссия мүшесінің әдеп кодексі, ішкі аудит бөлімшесі туралы ереже (ішкі аудитордың нұсқаулығы) немесе ревизиялық комиссиясы (ревизор туралы нұсқаулық), ішкі аудитті (ревизияны) жүзеге асыру рәсімдері, ішкі аудиттің жылдық жоспары (тексеру объектілерінің тізбесі);

сыртқы аудиторды тарту саясаты (рәсімдері);

тиімділік көрсеткіштеріне де, тәуекелдің түйінді индикаторларына да қол жеткізуді ескере отырып, МҚҰ басшы қызметкерлеріне және МҚҰ қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібін айқындайтын ішкі құжат;

2) тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін толық, анық, уақтылы ақпаратты жинау және талдау мақсатында ақпараттық технологиялардың дамыған инфрақұрылымын қамтамасыз етеді;

4) тәуекелдерді басқару жөніндегі реттеушілік және басқарушылық есептерді қарайды;

5) тәуекел-менеджерді немесе тәуекел-менеджмент бөлімшесінің басшысын, сондай-ақ екінші және үшінші қорғау желісі қызметкерлерін немесе бөлімшелерінің басшыларын тағайындайды;

6) МҚҰ-да үш қорғау желісін қалыптастырады:

бірінші қорғау желісін МҚҰ-ның тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, олар туралы ақпаратты қорғаудың екінші желісінің бөлімшелеріне (лауазымды тұлғаларына) жеткізуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелері (лауазымды тұлғалары) қамтамасыз етеді. Бірінші қорғау желісі бекітілген тәуекелдерді басқару саясаты шеңберінде жұмыс істейді;

екінші қорғау желісін тәуекелдерді басқару, комплаенс-бақылау жөніндегі тәуелсіз бөлімшелер (лауазымды тұлғалар) және бақылау функцияларын (қауіпсіздік, қаржылық бақылау, кадрлық қамтамасыз ету, заңдық тәуекелді басқару, операциялық тәуекелді қоса алғанда) жүзеге асыратын басқа да бөлімшелер (лауазымды тұлғалар) қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше (лауазымды тұлға) МҚҰ қызметіндегі тәуекелдерге кешенді талдау жүргізеді, директорлар кеңесіне қажетті есептерді қалыптастырады, атқарушы орган мүшелері мен бөлімшелердің тәуекелдерді сыни бағалауға және анықтауға ықпал етеді;

ТБЖ мен ішкі бақылаудың, бірінші және екінші қорғау желілерінің сапасы мен тиімділігін бағалауға жауапты және директорлар кеңесіне есеп беретін үшінші қорғау желісі:

1) акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ-да МҚҰ директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз ішкі аудит бөлімшесі қамтамасыз етеді;

2) шаруашылық серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ-да МҚҰ байқау кеңесіне есеп беретін тәуелсіз ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе МҚҰ қатысушыларының жалпы жиналысына есеп беретін ревизиялық комиссия (ревизор) қамтамасыз етеді.

Шаруашылық серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ-да үшінші қорғау желісін қалыптастыру МҚҰ қызметінің сипатын, ауқымын және күрделілігін ескере отырып жүзеге асырылады.

7. Қорғаудың екінші және үшінші желілері функциясының тәуелсіздігі мынадай шараларды қабылдаумен де қамтамасыз етіледі:

1) бөлімшелердің басшыларын (лауазымды тұлғаларды) және (немесе) ревизиялық комиссияның басшысын (ревизорды) директорлар кеңесі тағайындайды және қызметтен босатады;

2) бөлімшелердің басшылары (лауазымды адамдар) және (немесе) ревизиялық комиссияның басшысы (ревизор) директорлар кеңесіне кедергісіз қол жеткізе алады;

3) бөлімшелердің басшылары (лауазымды адамдар) және (немесе) ревизиялық комиссияның басшысы (ревизор) өз міндеттерін орындау үшін қажетті кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады;

4) бөлімшелердің басшылары (лауазымды адамдар) және (немесе) ревизиялық комиссияның басшысы (ревизор) МҚҰ-ның операциялық және қаржы блогы басшыларының лауазымдарын, операциялық қызметінің басқа да ұқсас функцияларын (андеррайтингті, кепіл қызметін қоспағанда) қоса атқармайды;

5) бөлімшелердің (лауазымды адамдардың) және (немесе) ревизиялық комиссияның (ревизордың) еңбегіне ақы төлеу қоры мөлшерінің МҚҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ревизиялық комиссияның (органдарының) қаржылық нәтижесінен тәуелсіздігін қамтамасыз ету. МҚҰ-да тіркелмеген сыйақы жүйесі болған кезде МҚҰ-ның ішкі рәсімдерін қоса алғанда, барлық тәуекелді ескере отырып, тіркелмеген сыйақы мөлшерін өзгерту мүмкіндігі көзделген;

6) мүдделер қақтығысын басқару рәсімі, оны іске асыру тетіктері, сондай-ақ орындалуын бақылау әзірленеді.

8. МҚҰ директорлар кеңесі МҚҰ-ның өзге бөлімшелері мен қызметкерлерінен тәуелсіздік қағидатын сақтай отырып, тәуекелдерді басқаруға жауапты лауазымды адамды (бұдан әрі – тәуекел-менеджер) тағайындауды немесе тәуекел-менеджменттің оқшауланған құрылымдық бөлімшесін құруды қамтамасыз етеді.

Акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ тәуекел-менеджмент бөлімшесін құруды қамтамасыз етеді.

Шаруашылық серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ қызмет ауқымын, жүзеге асырылатын операциялардың түрлері мен күрделілігін, сондай-ақ тәуекелдерге ұшырау дәрежесін ескере отырып, тәуекел-менеджерді тағайындайды немесе тәуекел-менеджмент бөлімшесін құрады.

9. Тәуекел-менеджер немесе тәуекел-менеджмент бөлімшесі мынадай функцияларды орындайды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) жауапты алқалы органның одан әрі бекітуі үшін тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін айқындауды қамтитын ТБЖ-ны әзірлейді;
- 2) МҚҰ қызметіне тән елеулі ағымдағы және әлеуетті тәуекелдерді анықтайды;
- 3) тәуекелдерді бағалайды және тәуекел лимиттерін айқындайды;
- 4) кейіннен жауапты алқалы органға бекітуге енгізу үшін тәуекел лимиттерін әзірлейді;
- 5) тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 6) тәуекел лимиттерінің бұзылуын анықтауға бағытталған ерте ескерту жүйелері мен триггерлерді әзірлейді;
- 7) басқарушылық есептілікті қалыптастырады және МҚҰ директорлар кеңесіне ұсынады.

10. ТБЖ ұйымдастыру шеңберінде МҚҰ тәуекелдерді басқару саясатын әзірлейді және мынадай процестерді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді:

- 1) тәуекелдерді сәйкестендіру;
- 2) тәуекелдерді өлшеу және бағалау;
- 3) тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқарудың қамтамасыз етілуін бақылау;
- 4) тәуекелдерді мониторингтеу.

11. МҚҰ барлық қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, орын алған тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдайды.

12. Сәйкестендіруге жататын және МҚҰ-ға ұшырауы мүмкін ықтимал тәуекелдер мыналар болып табылады, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) стратегиялық тәуекел;
- 2) кредиттік тәуекел;
- 3) нарықтық тәуекел;
- 4) баға тәуекелі;
- 5) валюталық тәуекел;
- 6) пайыздық тәуекел;
- 7) өтімділік жоғалту тәуекелі;
- 8) операциялық тәуекел;
- 9) беделді жоғалту тәуекелі;
- 10) заңдық тәуекел;
- 11) комплеанс-тәуекел;
- 12) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі;
- 13) ақпараттық технологиялар тәуекелі.

13. Тәуекелдерді басқару саясаты Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген тәуекелдердің барлық түрін сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, мониторингтеу тәртібін, рәсімдерін, өлшемшарттары мен әдістерін айқындайды. Тәуекелдерді өлшеу және

бағалау нәтижелері Қағидаларға қосымшаның 1-кестесіне және 2-кестесіне сәйкес тәуекелдер картасында және тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі.

14. Тәуекелдерді басқару саясаты шеңберінде МҚҰ жүзеге асырылатын қызметтің сипатын, ауқымын және күрделілігін ескере отырып, маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру әдіснамасын әзірлейді және бекітеді.

Маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру әдіснамасы сандық өлшемдерге де, сапалық өлшемдерге де негізделген (өзін-өзі бағалау нәтижелері, сараптамалық бағалау, ішкі аудит қорытындылары және басқа да қолжетімді ақпарат).

МҚҰ-ның тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдердің барлық түрлері мен кіші түрлерінің тізбесін, сондай-ақ тәуекелді елеулі деп тану өлшемшарттарын қамтиды.

15. Ықтимал тәуекелдерді ұшырағыштық тұрғысынан жіктеу және ықтимал залалдарды бағалау мақсатында МҚҰ Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген әлеуетті тәуекелдерді бағалаудың барабар және негізделген әдістерін және олардың мәндерін ескере отырып, тәуекелдер картасын қалыптастырады. Тәуекелдер картасын қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер мен олардың мәндері тәуекелдерді басқару саясатында айқындалады.

16. Тәуекелдер картасы мен тәуекелдер тізілімі тәуекелдерді басқару саясатында көзделген кезеңділікпен, бірақ ондағы деректерді өзектендіру мақсатында тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижелері ескеріле отырып, жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

17. Тәуекелдерді мониторингтеу тәуекелдерді қабылдауға байланысты операцияларды жүргізу жөніндегі міндеттер жүктелген құрылымдық бөлімшелерден, МҚҰ қызметкерлерінен, тәуекел-менеджмент бөлімшесінен (тәуекел-менеджерден) тәуекелдер туралы, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жүргізу нәтижелері, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру барысы туралы ақпаратты тұрақты негізде алу және талдау жолымен шектелмей іске асырылады.

18. Сәйкестендірілген тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша тәуекел - менеджер немесе тәуекел-менеджмент бөлімшесі әзірлейді, ал МҚҰ директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды бекітеді.

19. Тәуекелдерді басқарудың қамтамасыз етілуін бақылау рәсімдері директорлар кеңесіне және МҚҰ атқарушы органына тәуекелдерді басқару саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес, бірақ тоқсанына кемінде 1 (бір) рет ақпарат пен есептерді тұрақты жіберуді қамтиды.

МҚҰ басқару органдарының ақпаратты және есептерді қарау нәтижелері тәуекелдерді басқару шеңберінде одан әрі іс-қимылдар бойынша нақты ұсыныстармен және тапсырмалармен хаттамаланады.

МҚҰ тәуекелдер картасы негізінде неғұрлым қауіпті деп танылған тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ тәуекелдердің мынадай түрлерін басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және ТБЖ-ға қосады:

кредиттік тәуекел;

операциялық тәуекел;

комплаенс-тәуекел.

20. МҚҰ кредиттік тәуекелді тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингтеуді және бақылауды қамтамасыз ететін кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Кредиттік тәуекелді басқару жүйесі кем дегенде мынадай құрауыштарды қамтиды:

- 1) кредит саясаты;
- 2) кредиттік шешімдер қабылдау стандарттары мен рәсімдері;
- 3) кредиттік әкімшілендіру;
- 4) кредиттік мониторинг;
- 5) проблемалық кредиттерді басқару;
- 6) басқарушылық ақпарат жүйесі;
- 7) ішкі бақылау.

21. МҚҰ мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін кредит саясатын әзірлейді:

1) қолда бар ресурстар мен капиталды ескере отырып, кредиттік портфельдің барабар сапасын ұстап тұруды қамтамасыз ететін МҚҰ кредиттік қызметінің мақсаттары;

2) МҚҰ кредиттік қызметінің бағыттары, оның ішінде МҚҰ ұсынуға ниетті кредиттеу өнімдері мен көрсетілетін қызметтерінің түрлері, кредиттеудің шекті мөлшерімен, құнымен, қайтарымдылығымен, кредиттеу мерзімдерімен және қарыз алушылардың (контрагенттердің) кредит қабілеттілігін бағалау көрсеткіштерімен өнімнің, көрсетілетін қызметтің өзіндік ерекшеліктерін, кредиттеудің нысандары мен мақсаттарын ескере отырып;

3) кредиттік тәуекел лимиттері;

4) кредиттік процеске қатысушылар мен олардың жауапкершілік аясы, сондай-ақ ақпарат алмасуды қоса алғанда, олардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі;

5) кредиттік шешімдер қабылдау стандарттары мен рәсімдері, оның ішінде микрокредиттерді қарау, мақұлдау, бекіту және есепке алу белгілері, тәртібі мен рәсімдері, кредиттік тәуекелдің шоғырлану тәуекелін шектеу мақсатында микрокредиттеу лимиттері, кепілмен қамтамасыз етуге қатысты рәсімдер;

6) кредиттердің қайтарымдылығын қамтамасыз ету құралдарын қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару әдістері, сондай-ақ олардың қолданылуын бақылау рәсімдері;

7) кредиттік әкімшілендіру және мониторингтеу тәртібі мен рәсімдері;

8) қарыз алушының кредит қабілеттілігін талдау рәсімдері;

9) проблемалық кредиттерді басқару рәсімдері.

22. МҚҰ мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін кредиттік мониторинг тәртібі мен рәсімдеріне сәйкес кредиттік тәуекелді басқаруды мониторингтеуді жүзеге асырады:

1) кредиттік тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау тәртібі мен рәсімдері;

2) уәкілетті органның талаптарын ескере отырып, кредиттер бойынша құнсыздану белгілерін қамтитын, олар бойынша провизиялардың (резервтердің) негізделген және барабар есебін, оның ішінде сандық көрсеткіштердің негізделген және статистикалық расталған мәндерінің негізінде қамтамасыз ететін провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесін қамтиды.

Провизияларды (резервтерді) есептеу кезінде сандық көрсеткіштер ретінде мынадай көрсеткіштер пайдаланылады, бірақ олармен шектелмейді:

дефолт ықтималдығы;

дефолт болған жағдайда шығын деңгейі;

дисконттау факторы;

болашақ ақша ағындарының келтірілген құны;

болашақ ақша ағындарының болжамы;

кепілді қамтамасыз етумен қамту коэффициенті;

кемінде екі жыл кезең үшін растау болған кезде кепіл мүлкін сату туралы ақпарат немесе кепіл мүлкінің өтімділік коэффициенттері;

провизияларды (резервтерді) есептеуге қатысатын формулалардың басқа құрамдас бөліктері;

3) кредиттік тәуекел деңгейі бойынша микрокредиттерді жіктеу тәртібі мен рәсімдері.

23. МҚҰ кредиттік тәуекелдер бойынша басқару есептілігінің нысандарын әзірлейді, олар мыналар туралы ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) кредиттік портфельге және оның сапасына, оның ішінде өнімдер, секторлар, резиденттілігі бөлінісінде және олардың өзгеру серпінінде ұсынылған;

2) кредиттеудің түрлері мен бағыттары бөлінісінде кезең ішінде берілген кредиттердің көлемі;

3) мерзімі өткен берешек;

4) проблемалық берешек, есептен шығарылған микрокредиттер және қайтару мөлшері;

5) олардың рентабельділігін қоса алғанда, микрокредиттеу өнімдерінің және микрокредиттер портфелінің іс-қимылын бағалау;

6) тұтынушылық кредиттеуге қатысты қарыз алушылардың демографиялық бейіні, кірістерінің деңгейі;

7) кредиттерді кепілмен қамтамасыз етумен өтеу түрлері, құны және деңгейі;

8) провизиялардың мөлшері және провизиялардың барабарлық деңгейін бағалау;

- 9) сыйақы мөлшерлемелері, оның ішінде кредиттеу түрлері бөлінісінде;
- 10) қайта құрылымдалатын және проблемалық микрокредиттер;
- 11) лимиттердің сақталуын мониторингтеу және бақылау;
- 12) саясат пен лимиттерден ауытқулар;
- 13) аудиторлық (ревизиялық) тексерулердің нәтижелері - бар болса.

24. МҚҰ операциялық тәуекелді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді, ол сыртқы операциялық ортаға, стратегияға, МҚҰ операцияларының көлемі мен күрделілік деңгейіне сәйкес келеді және оны өтеу үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында МҚҰ-ның операциялық тәуекелін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингтеуді және бақылауды қамтамасыз етеді.

Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі мыналарды:

- 1) операциялық тәуекелді басқару саясатын;
- 2) операциялық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау рәсімдерін;
- 3) басқарушылық ақпарат жүйесін;
- 4) ішкі бақылауды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

25. МҚҰ операциялық тәуекелді басқару саясатын әзірлейді, ол мынадай құрауыштарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) операциялық тәуекелді басқарудың мақсаттары мен міндеттері;
- 2) операциялық тәуекелді басқарудың негізгі қағидаттары;

3) операциялық тәуекел оқиғаларының түрлерін жіктеуді және операциялық тәуекелдердің негізгі түрлері;

- 4) МҚҰ-ның операциялық тәуекелінің лимиттері;

5) 3 (үш) қорғау желісі негізінде операциялық тәуекелді басқару процесіне қатысушыларды анықтау, олардың өкілеттіктері, есеп беру құрылымын нақты айқындай отырып, жауапкершілігі;

6) операциялық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау тәртібі мен рәсімдерін айқындау, оның ішінде:

операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтау;

операциялық тәуекелді басқару рәсімдері мен тетіктерін айқындау;

7) ақпарат ұсыну түрлерін, нысандары мен мерзімдерін қоса алғанда, 3 (үш) қорғау желісі бойынша операциялық тәуекелді басқару процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасу тәртібі;

8) саясаттан, рәсімдерден, лимиттерден ауытқуларды мақұлдау, бекіту, талдау және мониторингтеу рәсімдері;

9) операциялық тәуекелді басқаруда кемшіліктер анықталған және (немесе) МҚҰ-ның операциялық тәуекелге ұшырағыштық деңгейіне әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайларда ішкі құжаттар мен рәсімдерге өзгерістер енгізу жөніндегі талаптар.

26. МҚҰ мыналар арқылы, (бірақ олармен шектелмей) операциялық тәуекелді анықтайды, өлшейді, мониторингтеу және бақылауды жүзеге асырады:

1) аудиторлық (ревизиялық) тексерулер нәтижелерін пайдалану – бар болса;

2) операциялық шығындар туралы ақпарат негізінде операциялық тәуекелге ұшырағыштық және ішкі бақылаудың тиімділігін бағалауға бағытталған процесс болып табылатын операциялық тәуекелдің оқиғалары туралы ішкі деректерді жинау және талдау (операциялық тәуекел оқиғалары бойынша дерекқор жүргізу);

3) деректер құрамына жиынтық операциялық шығындар (бар болса), мерзімдер, шығындарды өтеу туралы деректер, сондай-ақ шығындардың басқа МҚҰ-да туындаған жағдайлары туралы тиісті эпизодтық ақпарат кіретін операциялық тәуекелдер бойынша сыртқы оқиғаларды талдау;

4) МҚҰ ол арқылы МҚҰ-ның процестеріне тән операциялық тәуекелдерді анықтайтын және бағалайтын және олардың процестерге әсерін және анықталған операциялық тәуекелдерді бақылаудың қолданыстағы рәсімдерінің тиімділігін бағалайтын операциялық тәуекелді өзін-өзі бағалау жүргізу;

5) бизнес - процестердің сипаттамасы (регламенттеу) – оның шеңберінде бірінші қорғау желісін құрайтын құрылымдық бөлімшелер операциялық тәуекелдерді, тәуекелдер арасындағы өзара тәуелділіктерді, тәуекелдерді бақылау мен басқарудағы кемшіліктерді анықтауға ықпал ететін бизнес - процестердің негізгі кезеңдерін, қызмет түрлерін, ұйымдық функцияларды айқындайды;

6) операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану;

27. МҚҰ директорлар кеңесі және МҚҰ-ның атқарушы органы сыртқы мердігерлерді тартуға байланысты операциялық тәуекелдерді түсінуге, сондай-ақ аутсорсингті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жөніндегі тиімді саясаттар мен рәсімдердің болуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

Аутсорсинг тәуекелін басқару саясаты мен рәсімдері мыналарды көздейді, бірақ олармен шектелмейді:

1) қандай функциялардың аутсорсингке берілетінін және қандай жолмен берілетінін анықтау рәсімдері;

2) әлеуетті мердігерлерді таңдау кезінде компанияның қаржылық жағдайының сенімділігіне кешенді және жан-жақты тексеру жүргізу процестері;

3) меншік құрылымы мен деректердің конфиденциалдылығы мәселелерін, сондай-ақ шартты бұзу талаптарын қоса алғанда, сыртқы мердігерлермен шартты тиісінше құрылымдау;

4) сыртқы мердігердің қаржылық жағдайын бағалауды қоса алғанда, аутсорсинг шарттарымен байланысты тәуекелдерді басқару және мониторингтеу бағдарламалары;

5) МҚҰ-да, сондай-ақ қызмет көрсететін ұйымда ішкі бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;

6) күтпеген жағдайларға арналған тиімді жоспарлар әзірлеу;

7) қызметті жеткізушілер мен МҚҰ арасында жауапкершілікті нақты бөле отырып, қызметтер көрсету туралы кешенді шарттарды және (немесе) келісімдерді орындау.

28. МҚҰ операциялық тәуекелдер бойынша басқарушылық есептіліктің нысандарын әзірлейді, олар мынадай ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) ішкі қаржылық және операциялық көрсеткіштер туралы;

2) ішкі қағидаларды және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамауға байланысты операциялық тәуекел оқиғалары туралы;

3) сыртқы оқиғалар туралы, оның ішінде нарық туралы және шешімдер қабылдау үшін елеулі ықпалы бар оқиғалар мен жағдайлар туралы;

4) МҚҰ лимиттерді бұзу туралы;

5) тәуекел нысандары (қызмет бағыттары) бойынша бөліністе МҚҰ-да операциялық тәуекел мен залалдың туындауының соңғы елеулі жағдайлары туралы, оқиғалардың себептерін, түрлерін, операциялық тәуекелдің салдарын көрсете отырып, залалдың мөлшері туралы;

6) операциялық тәуекелдің туындауының маңызды жағдайлары бойынша қабылданатын түзету шаралары туралы және (немесе) қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау туралы;

7) МҚҰ мен оның қызметкерлерінің заңға қарсы тәжірибелері мен іс-әрекеттерінен тәуекел деңгейінің өзгеру көрсеткіштерін қоса алғанда, тәуекелдің негізгі индикаторларының мониторингі нәтижелері туралы;

8) клиенттердің (контрагенттердің) МҚҰ-ның немесе оның қызметкерлерінің әрекеттеріне операциялық тәуекелдің болуы және барынша азайту тұрғысынан шағымдарын (өтініштерін) талдау нәтижелері туралы;

9) аутсорсинг тәуекелінің мониторингі туралы.

29. МҚҰ директорлар кеңесі комплаенс-тәуекелді басқаруға жауапты лауазымды тұлғаны (бұдан әрі – комплаенс-бақылаушы) тағайындауды немесе қорғаудың бірінші желісін құрайтын МҚҰ құрылымдық бөлімшелерінің қандай да бір қызметіне тәуелсіз комплаенс-бақылау жөніндегі оқшауланған құрылымдық бөлімшені құруды қамтамасыз етеді.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ комплаенс-бақылау бөлімшесін құруды қамтамасыз етеді.

Шаруашылық серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған МҚҰ комплаенс-бақылаушыны тағайындайды немесе МҚҰ қызметінің мөлшерін, күрделілігі мен сипатын ескере отырып, комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшені құрады.

30. МҚҰ ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, МҚҰ операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;

2) комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдері;

3) басқарушылық ақпарат жүйесі;

4) ішкі бақылау;

31. МҚҰ комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) комплаенс-тәуекелді басқарудың мақсаттары мен міндеттері;

2) комплаенс-тәуекелді басқару қағидаттары, оның ішінде МҚҰ-да комплаенс-мәдениетті құру қағидаттары (МҚҰ және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, МҚҰ қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының және МҚҰ қызметін реттейтін ішкі құжаттардың талаптарын сақтау мәдениеті);

3) комплаенс-тәуекелді басқару тәртібі, тәсілдері мен рәсімдері;

4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру процестеріне МҚҰ-ны қасақана немесе байқаусызда тарту тәуекелдерін басқару тәртібі, тәсілдері мен рәсімдері немесе өзге де қылмыстық қызмет (бұдан әрі – АҚ/ТҚ тәуекелі);

5) 3 (үш) қорғау желісі негізінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесіне қатысушылар, олардың өкілеттіктері, есеп беру құрылымын нақты айқындай отырып жауапкершілік;

6) комплаенс-бақылау бөлімшесі басшысының немесе комплаенс-бақылаушының өкілеттіктері мен жауапкершілігі;

7) комплаенс-тәуекелді басқару жүйесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу тәртібі.

32. МҚҰ комплаенс-тәуекелді анықтайды, өлшейді, мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады және мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдерін әзірлейді:

1) ішкі құжаттарды дайындау арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде АҚ/ТҚ тәуекелін басқару мәселелері бойынша қызметкерлер үшін ішкі нұсқауларды (нұсқаулықтарды) әзірлеу;

2) МҚҰ мен оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін сақтауын мониторингтеу;

3) комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректерді жинау;

4) комплаенс-тәуекелдің болуы және оны жою (алдын алу) жөнінде шаралар қабылдау тұрғысынан МҚҰ-ның немесе оның қызметкерлерінің іс-әрекеттері бойынша клиенттердің (контрагенттердің) шағымдарын (өтініштерін) талдау;

5) МҚҰ-ның комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;

6) МҚҰ-ның құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) басшы қызметкерлерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілеріне тергеп-тексерулер (тексерулер) жүргізу;

7) МҚҰ-ның нақты операциясының (мәмілесінің) немесе оның бір бөлігінің МҚҰ-ға қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу мәселелерін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ МҚҰ қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес келуіне қатысты сұрау салулар бойынша консультациялар беру.

33. МҚҰ комплаенс-тәуекелдер бойынша басқару есептілігінің нысандарын әзірлейді, олар мыналар туралы ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, МҚҰ-ның және (немесе) оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, МҚҰ-ның қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін МҚҰ-ның ішкі құжаттарының, сондай-ақ МҚҰ қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын бұзғаны немесе сақтамағаны туралы;

2) комплаенс-тәуекелдің болуы тұрғысынан МҚҰ-ның немесе оның қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне клиенттердің (контрагенттердің) шағымдарын (өтініштерін) талдау нәтижелері;

3) МҚҰ-ның комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді бағалау;

4) МҚҰ қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, МҚҰ-ның қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін МҚҰ-ның ішкі құжаттарын, сондай-ақ МҚҰ-ның қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын бұзу фактілерін тексеру (тексеру) нәтижелері;

5) МҚҰ деңгейінде (тұтастай алғанда) және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша клиенттердің тәуекелдерін мониторингтеу нәтижелерін талдау және МҚҰ өнімдерінің (қызметтерінің) АҚ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалау;

6) ұсынылған іс-шараларды орындау мерзімдерін қоса алғанда, АҚ/ТҚ тәуекелдерін азайту жөніндегі алдын алу іс-шараларына қатысты ұсынымдар;

7) АЖ/ТҚ-ға қарсы іс-қимыл мәселелерін қоса алғанда, комплаенс-бақылау процесінде анықталған МҚҰ жұмысындағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынымдар;

8) ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) және (немесе) уәкілетті орган МҚҰ-ның комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тексеру нәтижелері бойынша анықтаған, жол берілген бұзушылықтарды

жою жөнінде қабылданған шараларды, оның ішінде АҚ/ТҚ-ға қарсы іс-қимыл мәселелерін және олардың нәтижелерін не мұндай шараларды қолданбау туралы – болған жағдайда;

9) аудиторлық (ревизиялық) тексерулердің нәтижелері – бар болса.

34. МҚҰ жыл сайынғы негізде өзін-өзі бағалауды жүргізу және оның нәтижелері бойынша сәйкессіздіктерді және (немесе) әлсіз жақтарды жою үшін іске асыруға жататын түзету әрекеттері туралы ақпаратты, оның ішінде жауапты тараптар, күтілетін орындау мерзімдері, қажетті ресурстар туралы ақпаратты қамтитын іс-шаралар жоспарын жасау арқылы ТБЖ сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

35. МҚҰ ТБЖ сапасын өзін-өзі бағалау нәтижелерін уәкілетті органның сұрау салуында белгіленген мерзімдерде ұсынады.

3-тарау. Қарыз алушы-жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау

36. Қарыз алушы-жеке тұлғалардың (бұдан әрі – қарыз алушылар) құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін МҚҰ қорғанудың бірінші желісін құрайтын МҚҰ-ның өзге құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне тәуелсіз, қажетті өкілеттіктері бар құрылымдық бөлімше құруды немесе лауазымды адамды тағайындауды қамтамасыз етеді.

Құрылымдық бөлімше құру не лауазымды адамды тағайындау туралы шешімді МҚҰ қызмет ауқымын, жүзеге асырылатын операциялардың сипаты мен көлемін, қызмет көрсетілетін қарыз алушылар санын, сондай-ақ қарыз алушылардың жолданымдары мен шағымдарының санын, сипаты мен серпінін негізге ала отырып қабылдайды.

37. Қарыз алушылардың құқықтарын қорғау шеңберіндегі бөлімшенің немесе лауазымды тұлғаның функцияларына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді:

1) МҚҰ қызметкерлерінің және уәкілетті агенттерінің МҚҰ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қаржы өнімдерін бақылау сатып алуды жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасына сәйкес МҚҰ қарыз алушыларының құқықтары мен мүдделерін сақтау саясаты мен рәсімдерін сақтауын мониторингтеуді жүзеге асыру;

2) жеке тұлғалардың берешегін реттеу бойынша кредиттік шешімдер қабылдаудың ішкі тәртібін келісу;

3) қаржылық өнімдердің талаптарын келісу кезінде тұтынушылар үшін тәуекелдерді талдау;

4) МҚҰ-ның қаржылық өнімдерін ілгерілету және жарнамалау практикаларын талдау;

5) жолданымдарды, оның ішінде қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерді, жолданымдарды

беруге арналған арналарды, оның ішінде интернет-ресурста және МҚҰ-ның мобильді қосымшасында қарау процестерінің тиімділігін бағалау;

6) мынадай мақсаттарда МҚҰ-ның қаржылық өнімдері бойынша жолданымдарға сандық және сапалық талдау жүргізу:

қарыз алушылар үшін негізгі тәуекелдерді бағалау;

ызмет көрсету сапасын және қаржылық өнімдерді бағалау;

қаржылық қызмет көрсету процестеріндегі жүйелік проблемаларды анықтау;

қаржылық қызметтер көрсету сапасы мен арналарын, жолданымдарды, оның ішінде қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерді қарау процестерін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) МҚҰ-ның жыл сайынғы операциялық жоспарларды орындауын мониторингтеу және жеке тұлғалардың проблемалық қарыздарының деңгейін төмендету бойынша МҚҰ қабылдаған шараларының тиімділігін бағалау;

8) мына мәселелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін шешімдер қабылдау үшін МҚҰ-ның тиісті ішкі құжаттарында айқындалған тұлғаларға (бөлімшелерге, МҚҰ органдарына) ақпарат беру:

қаржы өнімдерін әзірлеу, ілгерілету, жарнамалау кезінде анықталған кемшіліктер:

клиенттерге қызмет көрсету және ақпаратты жария ету рәсімдерін бұзу;

микроқаржылындыру процесіндегі кемшіліктер;

проблемалық активтерді басқару процестеріндегі кемшіліктер;

жолданымдарды, оның ішінде қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау және зиянды өтеу процестеріндегі кемшіліктер;

9) микроқаржы омбудсманының шешімдерін орындауды мониторингтеу;

10) МҚҰ қарыз алушыларының құқықтары мен мүдделерін сақтау мәселелері бойынша МҚҰ директорлар кеңесіне басқарушылық есептілікті ұсыну;

11) уәкілетті органмен МҚҰ қарыз алушыларының құқықтары мен мүдделерін сақтау мәселелері бойынша жедел іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету.

38. МҚҰ қарыз алушыларының құқықтары мен мүдделерін сақтау саясаты мен рәсімдері мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) қаржы өнімдерін ұсыну кезінде МҚҰ қызметкерлерінің және уәкілетті агенттің іс-қимыл нормалары;

2) қаржы өнімдерін ұсыну рәсімдері және бүкіл іс-қимыл жасау кезеңдерінде жария болуға тиіс ақпарат тізбесі;

3) МҚҰ уәкілетті агенттерінің тізбесі және МҚҰ уәкілетті агенті арқылы қаржы өнімдерін ұсыну рәсімдері;

4) қарыз алушылармен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлердің және уәкілетті агенттердің біліктілігіне қойылатын талаптар;

5) жосықсыз практикаларды идентификаттау және олардың жолын кесу рәсімдері;

6) МҚҰ-ның жолданымдар бойынша шешім қабылдау және қарыз алушыларға зиянды өтеу процесіне қатысатын лауазымды тұлғаларының, бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құрылымы, міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері;

7) әрбір қарау кезеңінде мерзімдерді көрсете отырып жолданымдарды, оның ішінде қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау рәсімдері.

39. МҚҰ қарыз алушыларының құқықтары мен мүдделерін сақтау мәселелері бойынша басқарушылық есептіліктің нысандарын МҚҰ әзірлейді, олар мынадай ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) есепті кезеңде алынған, жабылған және қараудағы жолданымдардың саны, оның ішінде жолданымдардың типі мен себептері, сондай-ақ ұсынылған өтеу құны бойынша;

2) ең көп жолданымдарға жол беретін қаржы өнімдері;

3) соттың қарауындағы шағымдар;

4) кез келген түзету шараларын қоса алғанда, жолданымдарды шешу үшін қабылданған шаралар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, өтемақы төлеу;

5) қаржы өнімін әзірлеуді түрлендіру, ілгерілету, ұсыну, байланысу туралы ұсыныстарды қамтуы мүмкін типтік жолданымдардың санын шектеу үшін қабылдауға қажетті шаралар туралы ұсынымдар;

6) МҚҰ жұмысындағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша, оның ішінде МҚҰ жұмысындағы кемшіліктерді анықтау нәтижелері бойынша және (немесе) МҚҰ-ның операциялық тәуекелдерге ұшырау дәрежесіне әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайларда МҚҰ-ның ішкі құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі ұсынымдар.

4-тарау. Ішкі аудит

40. МҚҰ ішкі аудиттің (ішкі аудитордың) немесе стратегияны, ұйымдық құрылымды, активтердің көлемін, МҚҰ операцияларының сипаты мен күрделілік деңгейін ескеретін ревизиялық комиссияның (ревизордың) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) өз қызметінде нақты белгіленген өкілеттіктерге ие. Ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) өз жауапты функциялары мен міндеттерін объективті және тиісінше орындалуы үшін жеткілікті ресурстар мен өкілеттіктерге ие.

Ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссияның басшысы (ревизор) мен қызметкерлері өзге лауазымдарды атқармайды, МҚҰ-ның алқалы органының мүшелері болып табылмайды және МҚҰ-да лауазымдық міндеттерін қоса атқармайды.

Ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) өз қызметінде ішкі аудиттің халықаралық және ұлттық стандарттарын басшылыққа алады.

41. МҚҰ директорлар кеңесі ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені (ішкі аудитордың нұсқаулығы) немесе ревизиялық комиссияның (тексеруші туралы нұсқаулық) әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (ревизордың) жұмыс тиімділігін:

1) МҚҰ-ның алқалы органдары отырыстарының жүйелеріне, жазбалары мен хаттамаларына қол жеткізуді қоса алғанда, МҚҰ-ның кез келген құжаттарына, ақпаратына және объектілеріне ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) қызметкерлерінің немесе ревизиялық комиссия мүшелерінің (ревизордың) шектеусіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

2) ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (ревизордың) МҚҰ қызметінің барлық бағыттары бойынша ішкі бақылау жүйесінің, ТБЖ, корпоративтік басқару тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізуіне қойылатын талаптарды белгілеу;

3) ішкі аудиторларға және ревизиялық комиссияның мүшелеріне (ревизорға) Қазақстан Республикасы заңнамасының этика кодексін және талаптарын сақтауға қойылатын талаптарды белгілеу;

4) ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) қызметкерлеріне немесе ревизиялық комиссияның (ревизордың) мүшелеріне микроқаржылық қызмет және ішкі аудит әдістері туралы жеткілікті білімнің, қажетті және жеткілікті ақпарат жинау дағдыларының, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін талдау және бағалау жүргізу қабілетінің болуы бойынша талаптар белгілеу;

5) МҚҰ атқарушы органы үшін талаптарды белгілеу аудиторлық тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын уақтылы және тиімді іске асыру;

6) талаптар МҚҰ ТБЖ тиімділігіне, бухгалтерлік есепті жүргізудің ішкі тәртібіне, қаржылық және реттеушілік есептілікті жасау мен тұтастығын қамтамасыз етуге, комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесіне, ішкі бақылау жүйесіне мерзімді бағалау жүргізу арқылы арттыруға ықпал етеді.

Ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) корпоративтік басқару, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін тәуелсіз, жан-жақты бағалауды жүзеге асырады.

Ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссия (ревизор) өз жоспарлары мен іс-қимылын әзірлеу кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдаланады, МҚҰ қызметіне тән тәуекелдерге қатысты тәуелсіз, негізделген пікір қалыптастырады, ішкі процестерге тиісті бағалау жүргізеді.

42. Ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (ревизордың) тиімді қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) мыналар арқылы қол жеткізілетін тәуелсіздік пен объективтілік:

тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде МҚҰ-ның кез келген бөлімшелерінде және қызметтің кез келген бағыттары бойынша аудит жүргізу;

ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (ревизордың) ішкі бақылау шараларын әзірлеуге, енгізуге және қолдануға тартылуының болмауы;

ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) қызметкерлерінің немесе ревизиялық комиссия (ревизор) мүшелерінің қызметінде мүдделер қақтығысының болмауы;

ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлері немесе ревизиялық комиссияның мүшелері арасында орындалатын міндеттерді қызметкерлердің құзыреттілігі мен кәсібилігіне нұқсан келтірмей жүргізу мүмкіндігі болған кезде ротациялауды жүзеге асыру;

ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) қызметкерлерінің немесе ревизиялық комиссия (ревизор) мүшелерінің сыйақысы мен МҚҰ құрылымдық бөлімшелері қызметінің қаржылық нәтижелері арасындағы байланыстың болмауы. Ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның төрағасы мен мүшелерінің (аудитордың) басшысы мен қызметкерлері сыйақысының сыйлықақы бөлігі мүдделер қақтығысының туындауын болдырмайтындай және қорғаудың үшінші желісіне қатысушылардың тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтірмейтіндей етіп белгіленеді;

ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (тексерушінің) есептерін МҚҰ директорлар кеңесінің қарауына мұндай есептерді түзету құқығынсыз танысуға - МҚҰ атқарушы органына ұсыну;

ішкі аудит бөлімшесі басшысының (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссия төрағасының (ревизордың) тікелей МҚҰ директорлар кеңесіне есептілігі, ол лауазымға тағайындайды, оның қызметін бақылайды және қажет болған жағдайда лауазымнан босату туралы шешім қабылдайды;

2) мынадай сипаттамаларға сәйкес келетін кәсіби құзыреттілік және кәсіби тексеру:

ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) қызметкерлерінің немесе ревизиялық комиссия (ревизор) мүшелерінің ақпаратты жинау, қабылдау және тексеру, сондай-ақ МҚҰ қызметіндегі бұзушылықтар фактілерін анықтау қабілеті;

ішкі аудит бөлімшесі басшысының (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссия төрағасының (ревизордың) қызметкерлер штатын толықтыру, талап етілетін дағдылар деңгейін тұрақты бақылау және бағалау бойынша жауапкершілігі;

кәсіби құзыреттілік талаптарына сәйкес келетін ішкі аудит бөлімшесі (ішкі аудитор) қызметкерлерінің немесе ревизиялық комиссия мүшелерінің (ревизордың) және (немесе) тартылатын бөгде сарапшылардың біліктілігі мен дағдыларының деңгейі және МҚҰ қызметінің тексерілетін бағыттарының ішкі аудитін тиісті деңгейде жүзеге асыру қабілеті;

ішкі және сыртқы ортаның өзгерістеріне сәйкестік мақсатында біліктілікті арттыру;

3) мынадай қағидаттарға сәйкес келетін кәсіби этика:

ішкі аудит бөлімшесі қызметкерлерінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссия мүшелерінің (аудитордың) лауазымдық міндеттерін адал орындауы, олардың жауапкершілігі, әдептілігі мен адалдығы;

лауазымдық міндеттерін орындау барысында алынатын ақпараттың конфиденциалдылығын сақтау;

мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау. МҚҰ қызметкерлерінің арасынан қабылданған ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлері (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссияның мүшелері (ревизор) ауысқан күннен бастап келесі 12 (он екі) ай ішінде өздері жұмыс істеген бөлімшенің аудитін жүргізуге жіберілмейді;

ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлері (ішкі аудитор) немесе ревизиялық комиссияның мүшелері (ревизор) ішкі құжаттардың, Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасының, Акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындайды.

43. Ішкі аудит бөлімшесінің (ішкі аудитордың) немесе ревизиялық комиссияның (аудитордың) қызмет саласы:

1) ТБЖ және ішкі бақылаудың тиімділігін;

2) МҚҰ саясаты мен рәсімдерінің тиімділігін;

3) бухгалтерлік есеп және ақпарат жүйесінің сенімділігін;

4) басқарушылық есептілік жүйелерінің дәйектілігі, тиімділігі және тұтастығын (деректердің өзектілігін, дәлдігін, толықтығын, қолжетімділігін, конфиденциалдылығын және жан-жақты сипатын қоса алғанда);

5) активтер мен капиталдың сақталуын бағалауды қамтиды.

5-тарау. Қорытынды ережелер

44. Қағидалардың мақсаттары үшін шығарылған бағалы қағаздар мен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелердің жиынтық міндеттемелерге қатынасының коэффициенті мынадай жолмен есептеледі:

$$K = \frac{(\text{ШБҚБҚ} + \text{ТҚБҚ})}{\text{МБҚ}}, \text{ мұндағы:}$$

K – шығарылған бағалы қағаздар мен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелердің жиынтық міндеттемелерге қатынасының коэффициенті;

ШБҚБҚ – айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың баланстық құны, ол:

айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконтты шегергенде айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналды құнының;

айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақылардың;

айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың;

сатып алынған бағалы қағаздардың номиналды құнының сомасы ретінде есептеледі.

ТҚБҚ – тартылған қарыздардың баланстық құны, ол:

екінші деңгейдегі банктерден және заңды тұлғалардан алынған қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) бойынша дисконтты шегергенде екінші деңгейдегі банктерден алынған қарыздардың (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) негізгі қарызы бойынша берешектің;

екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда заңды тұлғалардан алынған қарыздардың (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) негізгі қарызы бойынша берешектің;

екінші деңгейдегі банктерден және заңды тұлғалардан алынған қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) бойынша сыйлықақылардың;

екінші деңгейдегі банктерден және заңды тұлғалардан алынған қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы ретінде есептеледі.

МБҚ – бухгалтерлік баланс бойынша жиынтық міндеттемелердің баланстық құны.

Микроқаржы ұйымдары үшін
тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау жүйесін қалыптастыру
қағидаларына қосымша

1-кесте. Тәуекелдер картасы

	Жоғары шығындар	Орташа шығындар	Төмен шығындар
Жоғары ұшырағыштық			
Орташа ұшырағыштық			
Төмен ұшырағыштық			

2-кесте. Тәуекелдер тізілімі

Өлшемшарттар	Сипаты
Тәуекел түрі (атауы)	
Тәуекел сипаты	
Тәуекел көздері (факторлары)	
Тәуекелді іске асыру салдарларының сипаты және МҚҰ қызметіне әсерін бағалау	
Тәуекелді іске асыру ықтималдығын бағалау	
Басқа тәуекелдерге әсерді бағалау	
Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар	
Тәуекелге ұшыраған операцияларды жүргізу және есепке алу үшін жауапты тұлғалар (бөлімшелер)	
Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар үшін жауапты тұлғалар (бөлімшелер)	
Ескертпелер, өзге де мәліметтер	
Тәуекел түрі (атауы)	

...	
...	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК